

2021 жылғы 25 қаңтардағы
№ 1 хаттамасы

Қатысқандар – бала-бақша қызметкерлері және ата-аналар комитетінің төрайымы Мехтиева М.М.

Күн тәртібі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру шаралар бойынша, білім беру ұйымдарын ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуды жөніндегі есеп беру
Меңгеруші Дюсембина З.Р.
2. Мектепке дейінгі мекемеде сыбайлас жемқорлық қарсы күрес шаралары туралы

Әдіскер Тлеубаева Д.Ж.

1. Меңгеруші Дюсембина З.Р. сөз сөйлеп, елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытымен мақсатты және кезең-кезеңмен жүріп келеді. Әлеуметтік шығу тегі мен мүліктік жағдайына қарамастан, оның кезінде басшылық орындарға қабілетті және кәсіби дайындалған адамдар орналасатын меритократия қағидаттарының негізінде мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасты, оның ішінде мемлекеттің әрбір органы мен лауазымды адамының функциялары мен өкілеттіктерінің аражігі нақты ажыратылып және айқындалып қалыптасты. Осыған байланысты біздің бала-бақшада әрбір тәрбиеленушінің ата-анасына мемлекеттік қордан бөлінетін қаржы қаражатының жұмсалуды жөнінде есеп беру міндетіміз болып табылады. Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын білім беру ұйымдарының соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиеленушіге бала-бақшаның жоба қуаттылығына байланысты жыл сайын мемлекеттен қаржы бөлінеді. Бөлінген қаражат бала-бақша қызметкерлерінің еңбекақысы, демалыс ақысы, барлық салық төлемдері сондай-ақ, коммуналдық қызметтер үшін төленетін төлемдер және бала-бақшаның өзге де шығындарына жоспар бойынша жұмсалатынын айтты.

2. Әдіскер Тлеубаева Д.Ж. сөз сөйлеп, сыбайлас жемқорлықпен күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде анықталғанын атап өтті. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму процесін баяулатады және елдің болашақ дамуына үлкен қауіп төндіреді. Балабақшада негізгі қызметтің бұйрығымен сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты әдіскер Л.И.Гридина тағайындалды. Қызметкерлер мен ата-аналар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспары жасалды.

Шешім:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру шаралар бойынша, білім беру ұйымдарын ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуды жөніндегі есеп беруді мәліметке алу.
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - әрбір азаматтың міндеті» қағидасы бойынша ұжымда жұмыс жасау.

Төрайым

Хатшы



З.Р.Дюсембина

А.Н.Нұрланова